



Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№ 19/97
11 мамыр



Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет
www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru



ҚҰРМЕТТІ ЖЕРЛЕСТЕР, АРДАГЕРЛЕР!

Сізді Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 79 жылдығымен шын ниетпен құттықтаймыз!

Ұлы Жеңісті жақындатуда майданда жанқиярлықпен күреске түскендердің барлығына бас иіп, қан майданнан оралмаған батыр жерлестеріміздің рухына тағзым етеміз.

Аға буынның жан аямас жаужүректігі, ерен еңбегі, туған елге деген патриоттық сезімі келешек ұрпақ санасында жаңғырып тұрары сөзсіз.

Осынау айтулы мерекеде сіздерге және жақындарыңызға мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыларыңызға мол береке, баянды бақыт, шаттық тілейміз!



УВАЖАЕМЫЕ ЗЕМЛЯКИ, ВETERАНЫ!

Сердечно поздравляем вас с 79-й годовщиной Победы в Великой Отечественной войне!

Преклоняемся перед всеми, кто самоотверженно сражался на фронте в приближении Великой Победы и перед духом наших земляков-героев, которые не вернулись с войны.

Отвага, доблестный труд, чувство патриотизма к родной стране старшего поколения, безусловно, возрождаются в сознании будущих поколений.

В этот знаменательный праздник желаем вам и вашим близким крепкого здоровья, долгих лет жизни, семейного благополучия и счастья!

Приозерск қаласының әкімі Ахметов М.Т.

Приозерск қалалық мәслихат төрағасы Исатаев А.Н.

АРДАГЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ



9- мамыр Ұлы Жеңіс күні құрметіне орай, қала әкімі М.Т.Ахметов, қалалық мәслихат төрағасы А.Н.Исатаев, әкім орынбасары У.А.Алмас, 18405 ә/б командирі А.К.Алимов және Приозерск қаласының әскери прокуроры А.О.Молдабаев бірлесіп, тыл ардагері Құлмағанбетов Төретайды үйіне барып құттықтап, 350 000 теңге көлемінде ақшалай сертификат пен мерекелік азық-түлік себетін тапсырды.

Құрметті Ардагерлер! Сіздер қорқынышты сынақтардан өтіп, от пен өлімді жеңдіңіздер, біз Сіздердің алдарыңызда қарыздармыз, бас иіп тағзым етеміз!

Сіздерге шын жүректен денсаулық, ұзақ өмір, тыныш күндер, жақындарыңыздың жан жылуы мен қамқорлығын тілейміз!

Барша қала тұрғындарына бейбітшілік заман мен бақыт пен дәулет тілейміз.

Ұлы Жеңіс күні құтты болсын!



9 мая в честь Дня Великой Победы аким города Ахметов М.Т., председатель городского маслихата Исатаев А.Н., заместитель акима Алмас У.А., командир в/ч 18405 Алимов А.К., и военный прокурор города Приозерска Молдабаев А.О., посетили и поздравили ветерана тыла Кулмағанбетов Төретай и вручили денежный сертификат на сумму 350 000 тенге и праздничную корзину с продуктами.

Уважаемые Ветераны! Вы прошли страшные испытания, победили огонь и смерть, мы обязаны перед вами, мы преклоняемся!

От всей души желаем вам здоровья, долгих лет жизни, спокойных дней, душевного тепла и заботы ваших близких!

Желаем всем жителям города мирного времени, счастья и благополучия.

С Днем Великой Победы!

Приозерск қаласының әкімдігі

9-МАМЫР – ЖЕҢІС КҮНІ

ЖЕҢІС СТЕЛЛАСЫНДА ГҮЛ ШОҒЫН ҚОЮ РӘСІМІ ӨТТІ



Қаламызда Ұлы Отан соғысында қаза тапқан батырларымызды еске алу үшін Жеңіс стелласында гүл шоғын қою рәсімі болды. Бұл рәсімге қала әкімі М.Ахметов, мәслихат төрағасы А.Исатаев, мәслихат депутаттары, актив басшылары, ардагерлер, қоғамдық бірлестік өкілдері, әскери бөлім басшылары және қала тұрғындары қатысты. Қатысушылар қаза тапқан батырларды бір минут үнсіздікпен еске алды. қала әкімі

М.Т.Ахметов сөз сөйлеп, тыл еңбеккері Степанчук Людмила Илларионовнаға 350 мың теңгелік қаржылай сертификат пен жеміс себетін табыстады. Іс-шара барысында гарнизон командирі, полковник Д.Ш. Савельев және 10-шы Сары Шаған сынақ полигонының бастығы, 03080 әскери бөлімінің командирі, генерал-майор А.В. Казаков ізгі лебіздерін білдірді.

Приозерск қаласының әкімдігі

СОСТОЯЛАСЬ ЦЕРЕМОНИЯ ВОЗЛОЖЕНИЯ ЦВЕТОВ НА СТЕЛЛЕ ПОБЕДЫ



В городе состоялась церемония возложения цветов на стелле Победы в память о наших героях, погибших в Великой Отечественной войне.

В церемонии возложения цветов приняли участие аким города М.Ахметов, председатель маслихата А.Исатаев, депутаты маслихата, руководители актива, ветераны, представители общественных объединений, руководители воинских частей и жители города. Участники почтили память погибших героев

минутой молчания. Аким города Ахметов М.Т вручил труженику тыла Степанчуку Людмиле Илларионовне сертификат на сумму 350 тыс. тенге и корзину с фруктами. В ходе мероприятия с наилучшими пожеланиями выступили командир гарнизона полковник Д.Ш.Савельев и начальник 10-го испытательного полигона Сары-Шаған, командир воинской части 03080, генерал-майор А.В.Казаков.

Акимат города Приозерск

«ЕЛ ЕРТЕҢІ-БҮГІНГІ ЖАС ҰЛАНДАР»



Қазақстан – кең байтақ, 130-дан астам ұлттар мен ұлыстар мекен етіп жатқан мемлекет. Еліміздің әрбір азаматы ұлты мен дініне карамай татулықтың берік туын желбіретіп, сүйікті байтақ даламызға деген махаббатын ісімен дәлелдесе, оны неге отансүйгіштік демеске. Тіпті, жалпы, жасөспірімдерді отансүйгіштікке тәрбиелеудің бірден-бір жолы – жастайынан патриоттық сезімін дамыту. Адам бойындағы бұл байлық бір зерттеушілердің ойынша туа біткен қасиетке жатпайды екен, ол әлеуметтік, тарихи сатыларда қалыптасқан, сүйіспеншілік сезім, ол Отанға қызмет етуден ғана көрінеді.

Айта келе, 7 мамыр – әр отбасынан бастап мемлекет бойынша ер адамдарға айрықша құрмет көрсетіліп, олардың батылдығы мен ерлігі айтылатын күн.

Қазақстан Республикасының Отан қорғаушылар күні – бұл еліміздің қорғаныс қабілетінің кемелденгенін білдіретін мереке. 1991 жылы 25 қазанда Қазақстан Президентінің Жарлығымен Қазақ КСР-ң мемлекеттік қорғаныс комитеті құрылды. Кейін Республиканың қорғаныс мәселелерін толық түрде жеке шешуіне байланысты қорғаныс комитеті Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі болып қайта құрылды.

Бұл айтулы дата Қазақстан қарулы күштерінің ресми туған күні болып саналады. Бейбітшілік сақшыларының, яғни Отан алдында әскери борышын өтеп жүрген жауынгерлер мен теңіз флоттарының бөлімшелерінде қызмет ететіндер, мемлекеттік шекараны және Отанымыздың әуе кеңістігін күзететіндердің барлығына арналған ортақ мереке.

Отан қорғаушылар күні Отанға сүйіспеншілік іспетті адами құндылықтардың тұрақтылығы және өлшеусіздігі, оның мүдделерін қорғауға әзірлік, патриотизм мен ерліктің барлық көріністері туралы айғақтайды.

Бүгінде Қазақстан өз азаматарының әскери қызмет атқаруының жағдайы мен тәртібін дербес анықтайды, өз аумағында әскерлердің, қару-жарақтың және техниканың орналасу мәселесін шешеді. ҚР Қарулы Күштері түрлі бөлім-

дерден және әр түрлі құрамалар мен арнайы әскерлерден тұрады. 33 жылдық қалыптасу кезеңінде ұлттық әскер күштері азаматтардың еңсесін тіктеп, еркіндігін кеңейтіп, аянбай еңбек етуде. Әскеріміз жаңарып, оның күш-қуаты жылдан жылға нығаюда. Бұл күн - қайсар мінезді ата-бабамыздың жауынгерлік дәстүрінің заңды жалғасын тапқан күні. 2012 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі 7 мамыр – Отан қорғаушы күнін Қазақстан Республикасының мемлекеттік мерекесі деп белгілеген болатын. Осы мерекеге орай, кітапханамызда 7-мамыр-Қазақстан Отан қорғаушылар күні туралы түсініктерін кеңейтіп, оқушылардың бойында батырлық, жігерлік қасиеттерді қалыптастыру мақсатында «Ел ертеңі-бүгінгі жас ұландар» тақырыбында патриоттық кеш өткен болатын. Аталған шараға, Приозерск гарнизонындағы 44841 әскери бөлімшенің мерзімдік қызметтегі әскери қызметшілері мен №1 жалпы білім беретін мектептің «Жас зеңбірекші» әскери патриоттық клубының тәрбиеленушілері қатысып, Қазақстан Қарулы күштерінің құрылу тарихымен таныстырылып, «Қарулы күштер-ел қорғаны» атты тақырыпта бейнеролик көрсетілді.

Иә, Бүгінгі мамыражай тыныш өмір, аталарымыз қалыптастырған берік бірлік нәтижесінде келді. Ер жігіттің құл болмай, ару қыздың күң атанбай, халықтың бірлікте өмір сүруі нақ солардың арқасында. Ендеше аспанымыз ашық, еліміз тыныш, жұртымыз аман болсын!

Біздің тәуелсіздігіміз бен тұтастығымызды, тыныштығымыз бен бейбіт тірлігімізді қас қақпай күзетіп тұрған, халқымызға қорған болған ұлттық әскеріміздің айбыны арта берсін!

Аға ұрпақ пен жас буынның Отанымызды қорғап, қызметте айтулы үлес қосқанын біз әрқашанда мақтан тұтамыз. Еліміздің өркендеуі жолында атқарып жатқан игі қызметтеріңізге табыс, отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық, мол бақыт және бейбіт ғұмыр тілейміз!

Приозерск қалалық кітапханасы



ХАБАРЛАНДЫРУ

ЖЕР УЧАСКЕСІН НЕМЕСЕ ЖЕР УЧАСКЕСІН ЖАЛДАУ ҚҰҚЫҒЫН САТУ ЖӨНІНДЕГІ САУДА-САТТЫҚ (АУКЦИОН) ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті әлеуетті сауда-саттыққа қатысушылар! «Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрлысы бөлімі» ММ-сі 2024 жылдың 30 мамыр сағат 10:00-де (Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша) Мемлекеттік мүлік тізілімінің www.gosreestr.kz веб-порталында жер учаскесін немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату жөніндегі бағасын көтеру әдісі бойынша электрондық аукцион өткізеді.

Аукционға қатысуға өтінім беру Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 297 бұйрығымен бекітілген «Жер учаскелерін немесе жер учаскелерін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты (аукциондарды) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында электрондық түрде ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» қағидаға сәйкес қабылданады.

Аукционға қатысуға өтінімдерді беру және тіркеу аукцион өткізу туралы хабарландыру тізілімінің веб-порталында жарияланған күннен бастап жүргізіледі және аукцион басталғанға дейін екі сағат бұрын аяқталады, содан соң қатысушылар берген өтінімдерін кері қайтара алмайды.

Аукционға қатысу үшін мыналарды:

1) жеке тұлғалар үшін:

- жеке сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – ЖСН), тегін, атын, әкесінің атын (бар болса);

2) заңды тұлғалар үшін:

- бизнес сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – БСН), толық атауын, бірінші басшының тегін, атын, әкесінің атын (бар болса);

3) кепілдік жарнаны қайтару үшін екінші деңгейдегі банктегі есеп-айырысу шотының деректемелерін;

4) байланыс деректерін (почталық мекенжайы, телефоны, факс, e-mail) көрсете отырып, тізілімнің веб-порталында алдын-ала тіркелу қажет.

Аукционға қатысушы ретінде тіркелу үшін нысан бойынша қатысушының ЭЦҚ қол қойылған сауда-саттыққа қатысуға өтінімді тізілімнің веб-порталында тіркеу қажет.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Қатысушының хабарламада көрсетілген талаптарды сақтамауы, сондай-ақ бірыңғай оператордың арнайы транзиттік шотына сауда-саттықты өткізу туралы хабарламада көрсетілген кепілдік жарнаның сауда-саттық басталғанға дейін екі сағат бұрын түспеуі тізілім веб-порталының өтінімді қабылдаудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Тізілімнің веб-порталы автоматты тексеру нәтижелері бойынша тізілімнің веб-порталында көрсетілген қатысушының электрондық мекенжайына өтінімді қабылдау не өтінімді қабылдаудан бас тарту себептері туралы электрондық хабарлама жібереді.

Аукционға жіберілген қатысушыға тізілімнің веб-порталы беретін аукцион нөмірі бойынша аукцион залына кіруге рұқсат беріледі.

Аукционға қатысушылар аукцион басталғанға дейін бір сағат ішінде ЭЦҚ мен аукцион нөмірін пайдалана отырып, аукцион залына кіреді. Аукцион сату объектісінің бастапқы құнын аукцион залында автоматты түрде орналастыру жолымен сауда-саттықты өткізу туралы хабарламада көрсетілген Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша басталады.

Әрбір сатылған сату объектісі бойынша аукцион нәтижелері сауда-саттық нәтижелері туралы электрондық хаттамамен ресімделеді, оған сатушы және жеңімпаз ЭЦҚ пайдалана отырып, сауда-саттық өткізілген күні тізілімнің веб-порталында қол қояды.

Сауда-саттық нәтижелері туралы хаттама аукцион нәтижелерін және жеңімпаз бен сатушының сату объектісін сату бағасы бойынша сатып алу-сату шартына қол қою міндеттемесін белгілейтін құжат болып табылады.

Сатып алу-сату шарты немесе жалдау шарты электрондық форматта тізілімнің веб-порталында жасалады және сатушы мен сатып алушы ЭЦҚ пайдалана отырып сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап күнтізбелік он күннен аспайтын мерзімде оған қол қояды. Бұл ретте сатушы сатып алушыға сауда саттық нәтижелері туралы хаттамаға қол қойған күннен бастап күнтізбелік бес күннен аспайтын мерзімде қол қоюға сатып алу-сату шартының жобасын ұсынады.

Аукционға қатысу үшін кепілдік жарналар мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператордың төмендегі шотына төленеді: Төлемді алушы:

«Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ; БСН: 050540004455; ТТК: 171; БЕК: 16.

Банк аталуы: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ; ЖСК: KZ946017111000000330; БСК: HSBKZKX.

Төлем мақсаты: Электрондық аукционға қатысу үшін кепілдік жарна.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Жеңімпазға ол сауда-саттықтардың нәтижелері туралы хаттамаға не сатып алу-сату шартына қол қоймаған жағдайда кепілдік жарнаны қайтармайды.

Қалған барлық жағдайларда кепілдік жарналар аукционға қатысушы бірыңғай операторға тізілімнің веб-порталында қатысушының қол қойылған ЭЦҚ арқылы, өтініш берген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қайтарылады.

№	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Жер учаскесінің ауданы, ш.м.	Бастапқы құны, Тенге	Жер учаскесіне құқық түрі	Жылдық жалға алу төлемі	Кепілдік жарна тенге	Жер учаскелеріне ауыртпалықтар (шектеулер)
1	Приозерск қаласы, Бастау көшесі	Демалыс аймақ құрылысын салу үшін	2,4465	2 348 640,00	5 жыл	313 052	352 296	-
2	Приозерск қаласы, 492 км Астана-Алматы	Жол бойындағы кешен құрылысын салу үшін	3,5	4 143 858,98	5 жыл	447 856,5	621 578, 85	-
3	Приозерск қаласы, Дружба Народов кө-сі, № 1 жер учаскесі	Демалыс аймақ құрылысын салу үшін	0,2	345 600	5 жыл	29529	184 600	-
4	Приозерск қаласы, Гранитный өткелі, гараждар аймағы №1, 2 қатар, 20, 21 жер учаскесі	Гараж құрылысын салу үшін	0,0048	9 216	5 жыл	709	184 600	-
5	Приозерск қ, Абая көшесі, гараждар аймағы	Гараж құрылысын салу үшін	0,0024	4 608	5 жыл	354	184 600	-
6	Приозерск қ, Панфилов көшесі, гаражный алабы, 4 қатар, 105 жер учаскесі	Гараж құрылысын салу үшін	0,0024	2 304	5 жыл	2 304	184 600	-
7	Приозерск қаласы, Гранитный өткелі, гараждар аймағы №1, 2 қатар, 27 жер учаскесі	Гараж құрылысын салу үшін	0,0024	4 608	5 жыл	354	184 600	-

ОБЪЯВЛЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ ТОРГОВ (АУКЦИОНА) ПО ПРОДАЖЕ ЗЕМЕЛЬНОГО УЧАСТКА ИЛИ ПРАВА АРЕНДЫ ЗЕМЕЛЬНОГО УЧАСТКА

Уважаемые потенциальные участники торгов! ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск» информирует о том, что 30 мая 2024 года в 10:00 часов (по времени города Нур-Султан) проводится электронный аукцион по продаже земельного участка или права аренды земельного участка методом повышения цен на веб-портале Реестра государственного имущества www.gosreestr.kz (далее – Портал).

Подача заявок на участие в аукционе осуществляется в соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан от 9 августа 2011 года № 920 «Об утверждении Правил продажи объектов приватизации» и приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 19 октября 2021 года № 297 «Об утверждении Правил организации и проведения торгов (конкурсов) по продаже земельных участков или права аренды земельных участков в электронном виде на веб-портале реестра государственного имущества».

Подача и регистрация заявок на участие в аукционе осуществляется со дня публикации объявления о проведении аукциона на веб-портале реестра и заканчивается за два часа до начала аукциона, по истечении которых участники не могут отозвать поданную заявку.

Для участия в аукционе необходимо предварительно зарегистрироваться на веб-портале реестра с указанием:

1) для физических лиц: индивидуального идентификационного номера (далее - ИИН), фамилии, имени и отчества (при наличии);
2) для юридических лиц: бизнес-идентификационного номера (далее - БИН), полного наименования, фамилии, имени и отчества (при наличии) первого руководителя;

3) реквизитов расчетного счета в банке второго уровня для возврата гарантийного взноса;

4) контактных данных (почтовый адрес, телефон, факс, e-mail).

Для регистрации в качестве участника аукциона необходимо на веб-портале реестра зарегистрировать заявку на участие, подписанную ЭЦП участника.

ВНИМАНИЕ! Основаниями для отказа веб-порталом реестра в принятии заявки являются несоблюдение участником требований, указанных в извещении, а также не поступление за два часа до начала аукциона гарантийного взноса, указанного в извещении о проведении торгов.

По результатам автоматической проверки веб-портал реестра направляет на электронный адрес участника, указанный на веб-портале реестра, электронное уведомление о принятии заявки либо причинах отказа в принятии заявки.

Участнику, допущенному к аукциону, представляется доступ к аукционному залу по аукционному номеру, присваиваемому веб-порталом реестра.

Участники аукциона в течение одного часа до начала аукциона заходят в аукционный зал, используя ЭЦП и аукционный номер. Аукцион начинается в указанное в извещении о проведении торгов время города Нур-Султан путем автоматического размещения в аукционном зале стартовой цены объекта продажи.

Результаты аукциона по каждому проданному объекту продажи оформляются электронным протоколом о результатах аукциона, который подписывается на веб-портале реестра продавцом и победителем с использованием ЭЦП в день проведения торгов.

Протокол о результатах аукциона является документом, фиксирующим результаты аукциона и обязательства победителя и продавца подписать договор купли-продажи объекта продажи по цене продажи.

Договор купли-продажи или договор аренды заключается в электронном формате на веб-портале реестра и подписывается продавцом и покупателем с использованием ЭЦП в срок не более десяти календарных дней со дня подписания протокола о результатах торгов. При этом, продавец представляет покупателю проект договора купли-продажи на подписание в срок не более пяти календарных дней со дня подписания протокола о результатах торгов.

Гарантийные взносы для участия в аукционе вносятся на реквизиты единого оператора в сфере учета государственного имущества: Получатель платежа: АО «Информационно-учетный центр» БИН: 050540004455; КНП: 171; Кбе: 16.

Расчетный счет (IBAN/ИИК) в АО «Народный банк Казахстана»: KZ94601711100000330; БИК:HSBKKZKX.

Назначение платежа: Гарантийный взнос для участия в электронном аукционе

ВНИМАНИЕ! Гарантийный взнос не возвращается победителю в случаях не подписания протокола о результатах торгов либо договора купли-продажи.

Во всех остальных случаях гарантийные взносы возвращаются в срок не позднее трех рабочих дней со дня подачи заявления единому оператору от участника аукциона, подписанного ЭЦП участника на веб-портале реестра.

№	Местонахождение земельного участка	Целевое назначение земельного участка	Площадь земельного участка, га.	Начальная цена, тенге	Вид права земельного участка	Годовая арендная плата	Гарантийный взнос, тенге	Обременения (ограничения) на земельные участки
1	г.Приозерск, ул.Бастау	Для строительства зона отдыха	2,4465	2 348 640,00	5 лет	313 052	352 296	-
2	г.Приозерск, на 492 км Астана-Алматы	Для строительства придорожного комплекса	3,5	4 143 858,98	5 лет	447 856,5	621 578, 85	-
3	Г.Приозерск, ул.Дружба Народов земельный участок № 1	Для строительства зона отдыха	0,2	345 600	5 лет	29529	184 600	-
4	г.Приозерск, ул.переулок Гранитный проезд, гаражный массив №1, 2 ряд земельный участок 20, 21	Для строительства гаража	0,0048	9 216	5 лет	709	184 600	-
5	г.Приозерск, ул.Абая, гаражный массив	Для строительства гаража	0,0024	4 608	5 лет	354	184 600	-
6	г.Приозерск, ул.Панфилова, гаражный массив, 4 ряд-105 зем.участок	Для строительства гаража	0,0024	2 304	5 лет	2 304	184 600	-
7	г.Приозерск, ул.переулок Гранитный проезд, гаражный массив №1, 2 ряд земельный участок 27	Для строительства гаража	0,0024	4 608	5 лет	354	184 600	-

Организатор: **ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск»**, телефон для информации: 8 (71039) 5-32-48, 8 (71039) 5-39-16.

Электрондық почта: prigazeta@mail.ru Таралымы: 500 дана Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35 QORJYNTUBEK JARŞYSY		
<p>Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.» Бас редактор: Исатай М.А. Техникалық редактор: Исатай М.А. Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5. Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды. Тапсырыс №19/97, Таралымы:500 дана, пішімі: А3</p>	<p>Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35 Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35 Электрондық почта: prigazeta@mail.ru Газеттің арнаулы тілшісі: Нұрғали Қарабектегі +7-778-582-29-41</p> <p>Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.</p>	<p>Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады. Балаларға тыйым салынған.</p>